

# Жаңалықтар дайджесі

2023.20.02-  
2023.26.02



# Бизнес тарапынан кредит рәсімдеуге өтінімдер саны артты



“Ұлттық банк 2022 жылдың 4-тоқсаны бойынша кредит беруге қатысты банктер арасында жүргізген сауалнама нәтижесін жариялады. Соған сәйкес бизнес тарапынан несие алуға өтінімдер беру саны артқаны байқалады.

Бір қызығы, бірнеше жыл қатарынан дәл осы 4-тоқсанда шағын бизнес тарапынан өтінімдер саны артады. Ал несиенің орташа сомасы керісінше азаяды. Өтінімдер саны өскенімен, оларды мақұлдау пайызы аздап төмендеді, 39%-ға дейін. Бизнеске, әсіресе шағын бизнеске, қазіргі кредиттің пайызы жоғары кезінде оны өтеу барған сайын қиын бола түсуде. Сондықтан алдағы тоқсандарда мақұлдау деңгейі төмендейді деп ойлаймыз.

Бөлшек сегментте де өтінімдер саны артқан. Бірақ бұл маусымдық сипатқа ие. Кепілсіз тұтынушылық қарыздардың орташа бағасы 12%-ға азайып, 591 мың теңгені құрады. Қарыз сомасының азайғандығы бір жағынан қарыз алушылардың кредитті өтеу қабілетіне деген талаптардың қатаңдатылғанына да байланысты. Бұл кредит беруден бас тарту жағдайларының өскендігімен расталып отыр. Оның деңгейі бір тоқсан ішінде 43%-дан 65%-ға дейін өсті.

Биыл банкроттық туралы заңның күшіне енгені және ағымдағы ақша-несие шарттарының сақталуы аясында біз банктер тарапынан қарыз алушыларға қатысты талаптардың күшейтілетіндігін күтеміз. Бұл әрине, өтінімдерді мақұлдау деңгейіне де әсер етері анық. Маусымдық факторды ескермейтін болсақ, бизнес тарапынан сұраныс аздап төмендейтін болады. Алайда инфляцияның өсу қарқынына қарап, біз жеке қолға берілетін бөлшек саудалық және корпоративтік қарыз ақшалардың орташа сомасы өсетіндігін күтеміз.”



**Сунгат Рысбек**

# 2022 жылы сыртқы сауданың оң сальдосы 1.8 есеге өсті

<https://inbusiness.kz/ru/last/polozhitelnoe-saldo-vneshnej-torgovli-kazahstana-v-2022-godu-uvelichilos-v-1-8-raza>

Дереккөз: ҚР МКК, ҚР ҰСБ



“2022 жылы Қазақстанның сыртқы сауда айналымы 2021 жылмен салыстырғанда 32.1%-ға ұлғайып, 134.4 млрд АҚШ долларын құрады. Оның ішінде экспорт 84.4 млрд (+36.9%), ал импорт - 50 млрд долларға (+20.8%) тең.

Әсіресе энергия тасымалдаушылардың әлемдік нарығындағы қолайлы сауда жағдайы 2022 жылы сауда балансының елеулі профицитін жасады (+34.4 млрд доллар). Бұл 2021 жылмен салыстырғанда 1.8 есеге жоғары.

Мұнай экспорты 2022 жылы бұрнағы жылмен салыстырғанда 51%-ға өсіп, 46.9 млрд долларды құрады. 2022 жылы мұнайдың құндық экспортының өсуіне бағаның қымбаттауы басты себеп болды. Өйткені экспорттың нақты көлемі бойынша өсімі бар болғаны 0.3%-ды ғана құрады. Сондай-ақ мыстың, ферроқорытпаның және уранның құндық экспорты да елеулі түрде өсті.

2022 жылы импорт бұрнағы жылмен салыстырғанда 20.8%-ға өсті. Импорттың негізгі өсімі Азия елдері және әрине, ең алдымен Қытай есебінен орын алды. 2022 жылы Қазақстанның импортында Ресейдің үлесі қысқарып, 34.6%-ды құрады. 2021 жылы ол 42.5% болған еді. Осы ретте Қытай өзінің үлесін керісінше 19.8%-дан 22%-ға дейін ұлғайтты.”



**Абылай Асылхан**


# Қазақстанда автокөлік өндірісі бірден 22%-ға өсті

[https://baigenews.kz/proizvodstvo-avto-v-kazahstane-uvelichilos-srazu-na-22\\_147874/](https://baigenews.kz/proizvodstvo-avto-v-kazahstane-uvelichilos-srazu-na-22_147874/)

Автокөлік құралдары өндірісінің серпіні, мың дана.



## Өндірістің 2022 жылғы өңірлік құрылымы, млрд теңге



“Еліміздің автоөнеркәсібі нарығында автомобиль өндірісінің өсіп жатқандығы байқалады. Айталық, ҚР ҰСБ деректеріне сәйкес 2022 жылдың қаңтар-желтоқсанында 113.9 мың жаңа автокөлік құралдары шығарылды (олардың 91%-ы жеңіл автомобильдер). Бұл 2021 жылмен салыстырғанда 22%-ға жоғары. Нарықтың өсуінің негізгі факторлары – елімізде өндірістік қуаттардың ұлғаюы және төлем қабілеті бар сұраныстың бар екендігі. Бұған жеңілдікпен несие беру механизмі де сеп болуда.

Атап өту керек, Қазақстанға автомобильдердің басым бөлігін жеткізуші ел - Ресейдің автомобиль өнеркәсібінің тұралауына байланысты 2022 жылы импорт төмендеді (-16,3%). Бұл ішкі сұранысқа елеулі әсер етті.

Өндірістік қуаттардың кеңейгендігін ескере отырып (Allur зауыты Kia Sportage және Chevrolet Onix автомобильдерінің шанағын дәнекерлеу және бояу жұмысын қамтитын СКД-өндірісін іске қосты, Алматыда Chery, Haval және Changan автомобильдерін шығару бойынша жаңа зауыт құрылысы басталды, Kamatyres KZ шиналары өндірісі іске қосылды), 2023 жыл елімізде келік құралдары өндірісінің одан әрі өсетіндігі күтіледі.”



Гульназ Алдибекова



# Сұйытылған табиғи газға сұраныстың артуы аясында Қытай осы нарықты біртінде өз бақылауына ала бастады

Дереккөз: <https://kapital.kz/world/113209/kitay-poluchayet-vse-bol-she-kontrolya-nad-rynkom-spg.html>

“Энергетика нарығында сұраныс пен ұсыныстың үйлесімділігіне алдымен пандемия, кейін геосаяси қақтығыс айтарлықтай кері әсер етіп, оны тұрақсыздандырып тастады. Егер 2022 жылдың басым бөлігінде энергия ресурстары нарығы негізінен Қытайдың араласуынсыз (ол COVID-19-бен алысып жатты) өзінің тепе-теңдегін сақтап келді. Сұраныс пен ұсынысқа қатысты шошытарлық жайттердің әсері қысқа мерзімді болды. Енді Аспан асты елі экономикасының күшіне міне бастауы нарық жағдаятын түпкілікті өзгертіп жіберері анық.

ЕО елдері 2022 жылы Ресейден сұйытылған табиғи газ жеткізудің қысқарғанына қарамастан, оны сатып алуға қол жеткізіп келді (бұған ұсыныстың артуы да көмектесті). Енді Қытай ғаламдық сұраныс жағында ЕО-ның негізгі бәсекелесі болмақ. Өйткені ол газ тұтыну бойынша ұзақ мерзімді келісім-шарттар жасауға ұмтылады. Аспан асты елінің мұндай әрекеті оны жәй сатып алушы ғана емес, нарықтағы ықпалды күштердің үйлесімділігіне әсер ететін қатысушы мемлекетке айналдырады. Бұл құбылыс біздің ойымызша, көптеген әлемдік тауар және шикізат нарықтарын қамтиды.

Еуропа үшін энергия ресурстарының одан әрі қымбаттауы үй шаруашылықтары мен бизнес тарапынан сұраныстың азаятындығын білдіреді, сондай-ақ экономиканың дамуына жағымсыз әсер ететін болады. Бұдан басқа, ЕО тарапынан атом энергиясына және жаңғырмалы энергия көздеріне деген сұраныс арта түседі.

Энергия ресурстары бағаларының тағы да өсу ықтималдығы Қазақстан экономикасына бұрынғыдай екі түрлі әсер етуі мүмкін, яғни долларлық пайда ұлғая түседі әрі сыртқы инфляциялық қысым да арта түседі деген сөз.

Бұл ретте егер Қытай ғаламдық теңестіруші емес, ғаламдық тұрақтандырғышқа айналатын болса, әлемдік нарықта көп нәрсе түпкілікті өзгереді.”



**Айжан Алибекова**

**Авторлар:** Айжан Алибекова, Абылай Асылхан, Гульназ Алдибекова, Сунгат Рысбек

**Жауапкершілікті шектеу:**

Jusan Analytics - «Jusan Bank» АҚ аналитикалық құрылымдық бөлімшесі.

Бұл тек ақпараттық сипатқа ие жұмыс. Сонымен қатар бұл Jusan Analytics тарапынан қандай да бір ұсынысқа немесе есеп-қисап, іскерлік, қаржылық, инвестициялық, заңдық, салықтық немесе басқа да кәсіби консультациялар беру не болмаса қызмет көрсетуді ұсыну бойынша ұмтылысқа жатпайды. Материал біз сенімді деп санаған, шынайы әрі ашық ақпарат көздерінен алынған мәліметтерге негізделген. Алайда біз келтірілген мәліметтерді мінсіз деп айта алмаймыз.

Оқырмандар дербес қаржылық шешім қабылдау үшін осы жұмыстағы мәліметтерді пайдаланғандары үшін біз жауапты емеспіз. «Jusan Bank» АҚ Jusan Analytics тұлғасында жарияланымдағы ақпараттарды тұрақты түрде жаңартып тұруға немесе ондағы ықтимал дәлсіздіктерді түзетуге міндетті емес. Осы ретте аталмыш жұмыстың құрамындағы мәліметтер толық, түпкілікті болып саналмайды және алдын ала ескертусіз кез келген уақытта өзгертілуі мүмкін.

Бұл жұмыстағы жарияланған ақпарат жеке пайдалануға қолжетімді, бірақ коммерциялық тұрғыда таратуға арналмаған және Jusan Analytics-тің алдын ала жазбаша рұқсатынсыз оны толығымен немесе ішінара қайта жаңғыртуға, жолдауға және жариялауға болмайды.

**Материалды пайдалану мәселесі бойынша Jusan Analytics-ке жүгініңіз:**

Қазақстан Республикасы, Алматы қ.  
А25D5F7, әл-Фараби даңғылы, 36, В блогы, 6 қабат.  
analytics@jusan.kz